



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Birge: Taza Qazaqstan» республикалық эконауқанға белсенді түрде қатысқан азаматтарды марапаттады. Тазалыққа жете мән беріп, туған жеріне жанашырлықпен қарайтын азаматтарға еліміздегі танымал шипажайларға жолдама табыстала, алдағы уақытта тазалығы бойынша үздік атанған ауылдарға жаңа саябақ, ойын алаңы салынып, бағалы сыйлықтар берілімек.

ШЫНАЙЫ ЕҢБЕККЕ ШИПАЖАЙҒА ЖОЛДАМА

ТАЗАЛЫҚҚА ДЕН КОЙҒАНДАР ҚОЛДАУДАН КЕНДЕ БОЛМАЙДЫ

«Достық үйінде» өткен салтанатты іс-шарада аймақ басшысы алдымен, президенттік сайлау науқанында белсенділік танықтан жерлестеріне алғыс білдіріп, сырбойылықтардың ауызбіршілігі арқасында Қызылорда облысы үздіктер қатарынан көрінгенін атап өтті.

– 20 қараша күні жылдың ең ауқымды әрі ең маңызды саяси оқиғасының бірі – Қазақстан Республикасы Президентін кезектен тыс сайлауы өтті. Қашанда ауызбіршілігі мен ынтымағы жарасқан Сыр халқы елдің болашағы айқындалатын сындарлы сәтте Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевқа зор сенім артып, дауыс берді. Мызғымас бірлігіміздің, тату-тәтті тірлігіміздің, қазақы болмысымыз бен жарқын болашаққа деген халықтың зор сенімінің арқасында сайлауға қатысушылардың саны 81,07 пайызды құрап, аймағымыз үздіктер қатарынан көрініп, республика бойынша екінші орынға тұрақтады.

Ел жаңғыруының бастамасы ретінде маусым айында Ата Заңымыз – Конституцияға өзгерістер енгізу бойынша өткізілген республикалық референдумда да Сыр жұртшылығы ауызбіршіліктің үлгісін көрсетіп, Қызылорда облысы үздік өмірлер қатарынан көрінген болатын. Бұның барлығы да – аймақ тұрғындарының Мемлекет басшысына деген сенімі, стратегиялық реформа-

ларын қолдауының нәтижесі, – деді Н.Нәлібаев.

Облыс әкімі сындарлы кезеңде азаматтық белсенділігі және ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түскен азаматтарды Қазақстан Республикасы Президентінің арнайы «Алғыс хатымен» марапаттады.

Сондай-ақ, аймақ басшысы ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған қоғамда экологиялық құндылықтарды орнықтыруға үндейтін «Birge: Taza Qazaqstan» акциясын жоғары деңгейде өткізуге атсалысқан сырбойылықтарға алғыс білдірді және алдағы уақытта да тазалық пен көркейту-көгал-



дандыру шараларына белсене қатысуға шақырды.

Күннің ыстығы мен суығында жолдың өтінде тынбай еңбек етіп жүрген қарапайым еңбек азаматтарына «Көкшетау», «Мерке», «Сарыағаш» және «Жаңақорған» емдік-сауықтыру шипажайларына 30 жолдама табысталды. Одан бөлек, акция нәтижесімен үздік атанған 7 ауылдық округке су сорғысы берілді.

Ал келесі жылдан бастап конкурс арқылы «Үздік аудан орталығы», «Үздік ауыл» және қала ішіндегі «Үздік шағын аудан» анықталып, жеңімпаздарды қоғамдық ұйым өкілдері, әкімдерімен бірге еріктілерден

құралған тәуелсіз комиссия таңдайтын болады.

«Үздік аудан орталығы» номинациясы бойынша I орынға арнайы жол тазалағыш КамАЗ және қалдық тасымалдаушы МА3 автокөлігі, ассенизатор мен кран-манипулятор берілсе, II орынға қалдық тасымалдаушы көлік, ассенизатор және жол тазалаушы трактор, ал, III орынға ассенизатор мен жол тазалаушы трактор сыйға берілмек.

«Үздік ауыл» номинациясын иеленген үш ауылға да бағалы сыйлықтар табысталады. I орын алған ауылға жер қазатын трактор мен самосвал ЗИЛ автокөлігі, II жер қазатын трактор мен тіркеме, ал III орынға жер қазатын трактор беріледі.

«Үздік шағын аудан» номинациясы бойынша I орынға сквер, спорттық алаңмен жарықтандыру жұмыстары жүргізіледі. II орынға абаттандыру мен спорттық ойын алаңы салынса, III орынға абаттандыру жобалары сыйға берілмек.

Келесі жылы елді мекендерде тазалық, көркейту және абаттандыру жұмыстарымен айналысатын арнайы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындарды құрып, оларға облыстық бюджеттен материалдық-техникалық базасын нығайтуға қажетті техникалар сатып алынады.

Облыс әкімінің
баспасөз қызметі

МЕРЕКЕЛІК ҚҰРМЕТ



Күні кеше А.Тоқағанбетов атындағы мәдениет үйінде халықаралық мүгедектер күніне орай салтанатты іс-шара өтті. Еске сала кетейік, 1992 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы Халықаралық мүгедектер күнін жыл сайын 3 желтоқсанда тойланады деп белгілеген болатын. Сол жылы ассамблея барлық мемлекеттер мен халықаралық ұйымдарды осы күнді атап өтуде ынтымақтасуға шақырды.

Сп Актілек БІТІМБАЙ,
«Сыр бойы»

Іс-шарада облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтанов құттықтау сөз сөйледі. Ол өз сөзінде ерекше қажеттіліктері бар адамдардың әлеуметтік жағдайларын арттыруда аймақта жүргізіліп жатқан жұмыстарға тоқталып өтті.

– Ерекше адамдар, оның ішінде жастар үшін кедергісіз жағдайлар жасау, оларды жұмысқа орналастыруға көмектесу және белсенді өмір сүруге жәрдемдесу, жан-жақты қолдау – біздің ортақ парызымыз. Егер адамдардың жүрегінде жылу пайда болса, өмірге деген құштарлық оянып, үміт қайта жанданады. Ал біз оны одан әрі шынайы түссек, мақсатымыздың орындалғаны деуге болады, – деді ол.

Шарада үкіметтік емес ұйымдар және жыл бойы әртүрлі салаларда жетістікке жеткен мүгедектігі бар азаматтар марапатталды. Олар «Үздік белсенді», «Үздік спортшы», «Үздік шығармашылық», «Мү-

гедек балалармен табысты жұмыс істеген үкіметтік емес ұйым» номинациялары бойынша марапатталды. Сондай-ақ, он жеңімпазға 100 мың теңгеден ақшалай сертификаттар табыс етілді. Бұдан бөлек, белсенділерге облыс әкімінің Алғыс хаты табысталып, құрмет көрсетілді.

– Мүгедектігі бар адамдарға қоғамдық өмірге белсенді қатысуға мүмкіндік беретін мұндай іс-шаралар өте қажет. Олардың арасында талантты адамдар көп. Оларға осылай назар бөленген ғана жігерленіп, болашақ үшін күреспіп, алға қарап өмір сүреді, өздерін қоғамға қажет сезінеді, – деді «Қызылорда облысының мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Сағатбек Сипоов.

Іс-шара соңында облыстық мүгедектер қоғамының мүшелері өнер көрсетіп, кеш мерекелік концертке ұласты.



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ

«AMANAT» партиясының төрағасы Ерлан Қошановтың жетекшілігімен партия жанындағы «Жер аманаты» республикалық комиссиясының отырысы өтті. Күн тәртібінде комиссияның кейінгі 5 айда атқарған жұмысы тыңдалып, алдағы жоспарлар талқыланды.

Аталған жиынға партияның облыстық филиалының атқарушы хатшысы Ләйлә Төрешова мен жауапты сала басшылары бейнеконференция арқылы қатысты.

Республикалық жиын аймақтық комиссияның жұмысы тобы отырысымен жалғасып, сала бойынша өңірдегі өзекті мәселелер талқыланды. Алдағы уақытта аймақтық комиссияның арнайы отырысы өткізіліп, бұл бағытта аудандарда атқарылған жұмыстарға талдау жасалады.

ҚАБЫЛДАУЛАР ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Тұрғындар өтініштерін тыңдап, оларды шешу мәселесі күн тәртібінен түскен емес.

Қоғамдық қабылдау бөлмесінде бекітілген кестеге сәйкес облыстық ветеринарлық бақылау және қадағалау аумақтық инспекциясы басшысының орынбасары Есенгелді Сыздықов, Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары Әділбек Бекішев, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Қызылорда қаласындағы Өңірлік өкілдер басқармасының бастығы Ләззат Темірова, Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитеті облыс бойынша департаментінің басшысы Ғалия Байменова, облыстық қоғамдық даму басқармасының

АПТА АҒЫМЫНДА

басшысы Мира Қазбекова және облыстық мәслихаттағы «AMANAT» партиясы депутаттық фракциясының мүшесі Манат Алмашова қабылдау өткізіп, азаматтарға түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

КЕҢЕС ҚҰРАМЫ ПЫСЫҚТАЛДЫ

«AMANAT» партиясы облыстық филиалы жанындағы мемлекеттік басқаруды дамыту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңестің отырысы өтті.

Отырысты аймақтық қоғамдық кеңес төрағасы Мақсұт Нәлібаев жүргізіп, күн тәртібіндегі мәселелерге кеңінен тоқталды. Жиында қоғамдық кеңестің өткен 11 айда атқарған жұмыстары қаралып, кеңес құрамы пысықталды.

ТАҚЫРЫПТЫҚ ҚАБЫЛДАУ ӨТКІЗДІ

Партияның облыстық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесінде Түркістан, Қызылорда облыстары бойынша өңіраралық заң консультанттары палатасының заң кеңесшісі Балжан Қайырбекова тұрғындарға арналған заңгерлік көмек бағытында тақырыптық қабылдау өткізді.

Қабылдауда қала тұрғындары тарапынан онлайн несие, алимент өндіру және мұрагерлік жайында туындаған қиындықтар бойынша сұрақтар болды.

Жалпы апта ішінде облыстық және аудандық, қалалық филиалдар мен БҰҰ-да кездесулер, тақырыптық қабылдаулар, партиялық бақылау және басқа да түрлі форматтағы 71 қоғамдық-саяси іс-шара ұйымдастырылды.



Аудан жаңалықтары

МЕРЕКЕЛІК СЫЙ ТARTY ETİLDİ

ҚЫЗЫЛОРДА

Қала әкімінің орынбасары Ақзира Қасымова Халықаралық мүгедектер күніне орай «Қазақ саңыраулар қоғамы» облыстық филиалында өткен мерекелік шараға қатысты. Жылы лебізін жеткізіп, қоғам мүшелеріне мерекелік сый тарту етті.

Облыстық филиалға 163 естуі бойынша мүгедектігі бар адам тіркелген. Филиал мүшелеріне 17 ымдау тілінің кәсіби маманы қызмет көрсетсе, 7 адам тұрақты жұмыспен және 20 адам ақылы қоғамдық жұмыспен қамтылған.

ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫНЫҢ ЖАЙЫ ҚАРАЛДЫ

АРАЛ

Аудан әкімі Серік Сермағамбетовтың төрағалығымен жиын өтіп, жаңа жұмыс орындарын құру жайы қаралды.

Мемлекет басшысының жаңа жұмыс орындарын құру тапсырмасы ауданда толығымен орындалған. Жыл басынан бері 1200-ден аса адам жұмыспен қамтылған.

Аудан әкімі Серік Сағитжанұлы тиісті бағыттағы жұмыстарды алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғастыруды тапсырды.

ЖАСӨСПІРІМДЕР ҚАУІПСІЗДІГІ НАЗАРДА

ҚАЗАЛЫ

Аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тлеумбетовтің төрағалығымен кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның отырысы өтті.

Жиында ювеналды полиция тобының өкілдері, комиссия мүшелері мен білім беру ұйымдарының жауапты қызметкерлері баяндама жасады.

Соңында Д.Тлеумбетов берілген тапсырмалардың орындалуын бақылауға алып, әрбір мәселе назарда болуын тапсырды.

ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ

ҚАРМАҚШЫ

«AMANAT» партиясы Байқоңыр филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесінде аудандық мәслихаттың «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Шолпан Дәуленбаева қоғамдық қабылдау өткізді.

Қабылдауға келген қала тұрғындары жұмысқа орналасу жөнінде көмек жолдарын сұрады. Өз кезегінде Шолпан Дәуленбаева тұрғындардың мәселелері бақылауға алынып, тиісті жұмыстар жүргізілетінін жеткізді.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШІ

ЖАЛАҒАШ

Қ.Қазантаев атындағы мәдениет үйінде ҚР мәдениет қайраткері, Жалағаш ауданының құрметті азаматы Бейбітбек Бүркітбайұлының 70 жас мерейтойына арналған «Жүрегім туған жерге ғашық өлі» атты шығармашылық кеш өтті. Мерейтой иесін аудан әкімі Асқарбек Есжанов құттықтап, құрмет көрсетті.

Салтанатты шарада кент ардагерлері құттықтау сөз сөйлеп, автордың «Зәңжілді зар», «Алаңжар» кітаптарының тұсауы кесіліп, өз оқырмандарына жол тартты.

МЕРЕЙТОЙЛЫҚ ЫҚЫЛАС

СЫРДАРІЯ

Аудан әкімі Мұрат Ергешбаев қаржы саласының ардагері Құралай Әбілхайырованы арнайы қабылдап, 70 жасқа толған мерейтойымен құттықтады.

Қабылдауда зиялы қауым өкілдері ауданның қаржы саласының өсіп-өркендеуінде Құралай Әбілхайырованың сүбелі үлес қосқанын атап, құттықтау лебіздерін жеткізді. Өз кезегінде мерейтой иесі арнайы құрмет көрсеткен жандарға шынайы ризашылығын білдірді.

БАЛАБАҚША ӨКІЛДЕРІ БАС ҚОСТЫ

ШИЕЛІ

Аудан әкімінің орынбасары Ерсұлтан Апетов және білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы Қанат Әмзенов қатысуымен жиын өтті. Онда 75 жеке және 18 мемлекеттік балабақша өкілдеріне мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру тәртібіндегі өзгерістер түсіндірілді.

Атап айтсақ, балабақшада төтенше жағдайларды хабарлау жүйесінде болуы, алғашқы медициналық көмек көрсету үшін жағдайлар жасау секілді талаптар көрсетілген. Оларды орындап, қажетті құжаттарды ұсынған балабақшалар ғана өз жұмысын жүргізе алады.

АШЫҚ БІРІНШІЛІК

ЖАҢАҚОРҒАН

Үстел теннисінен 10-14 жастағы ұл-қыздар арасында ашық біріншілік өтті. Тартысты додада облыстық №4 олимпиадалық резерві мектебінің құрама командасы I орын алды. II орын Жаңақорған ауданының құрама командасына, III орын Төменарық ауылдық округіне бұйырды.

Сондай-ақ, облыстың құрама командасының бапкері Ернар Ибрай «Үздік жаттықтырушы», кейбір жеке ойыншылар «Ең жас ойыншы», «Үздік ойыншы» номинациясында марапатталды. Жарыста жүлделі орынға ие болған 7 үздік ойыншы Алматыда өтетін турнирге жолдама алды.

«СБ» ақпарат

ТАРИХИ БІЛІМ ОРДАСЫ ДАМУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІНДЕ

Бүгінде университет – еліміздегі жоғары білім беру жүйесінде өзіндік орны бар, уақыт талабына сай білікті мамандар даярлайтын оқу орны. Сексен бес жылдық тарихында талай тағдырлық кезеңдердің, әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің куәсі болды. Бүгінде халықаралық байланыстары нығайған университет әлемдік білім кеңістігінен өз орнын айқындап, еліміздегі жоғары оқу орындары арасында көшбасшылық межені сақтап келеді.

Университет өз бастауын еліміздегі алғашқы жоғары оқу орындарының ондығына кіретін Қызылорда педагогикалық институтынан алады. Институт іргетасы КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің 1937 жылғы 21 тамыздағы аса құпия қаулысы бойынша Қыыр Шығыстан Қызылордаға корей ұлтымен бірге қоныс аударған Корей педагогикалық институтының негізінде қаланды.

Міне, содан бергі 85 жылда бүгінгі университет қалыптасу мен дамуының өнегелі жолынан өтті. Өңірдің инновациялық өрісіне өлшеусіз үлесі бар білім ордасы еліміздің сұранысына сай кәсіби мамандар даярлаудың жоғары мектебіне айналды.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде 1941-1945 жылдары Қызылорда педагогикалық институты базасында эвакуацияланған Мәскеудің ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру институты, Симферополь медицина институты, Киев және Харьков университеттері орналасып, бірге жұмыс істеді. 1952 жылдың наурыз айында Қызылорда педагогикалық институтына Н.В. Гоголь есімі берілсе, 1992 жылы ұлы дала ойшылы Қорқыт ата есімімен қайта аталды.

Бүгінгі университеттің бастауында тұрған тағы бір жоғары оқу орны – 1976 жылы ашылған Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтының Қызылорда филиалы. Филиал 1990 жылғы 15 қарашада Қызылорда агроөнеркәсіп өндірісі инженерлері институты болып қайта құрылып, оған 1992 жылы атақты күршіші, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, екі дүркін Социалистік Еңбек Ері Ыбырай Жақаевтың есімі берілді. 1998 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда гуманитарлық университеті мен Ы.Жақаев атындағы политехникалық институт біріктіріліп, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті болып қайта құрылды.

Бүгінде университет, шын мәнінде, Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-инновациялық дамуының бірегей орталығына айналып отыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың отандық ғылым мен жоғары білім жүйесін бәсекеге қабілетті дамыту ісіне барынша көңіл бөліп, ерекше назарында ұстап отырғаны баршамызға аян. Жаңа реформалар аясында жоғары оқу орнының басқарушылық, білім беру мен ғылыми қызметінің барлық құрылымдық және мазмұндық құрамын қайта жаңғыртуға бағытталған кешенді шаралар жүзеге асырылды. 2020 жылғы 1 шілденен бастап Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті коммерциялық емес акционерлік қоғамы ретінде қайта құрылды. Осынау бетбұрыс кезеңінде, 2020 жылдың қаңтар айында Алаштың анасы атанған Сыр өңіріндегі тарихы терен, бірлігі бекем, дәстүрі кенен



Қорқыт ата университетін басқару ісі маған сеніп тапсырылды.

Әлемдік бәсекеге төтеп берудің басты шарты – күшті рух пен білім. Мемлекет басшысының жүргізіп отырған сындарлы саясатының арқасында, білім саласында көптеген реформалар жүзеге асып, тың идеяларға дем беріп, жанаша бетбұрыс жолына түсті. Бүгінде жаңа жүйе өз жемісін беруде. 2020 жылы университет қызметкерлерінің еңбекақысы 25-40%-ға, өткен жылы профессор-оқытушылар құрамының еңбекақысы тағы 60-90%-ға артты. Кейінгі үш жылда университет бюджеті екі есе өсті.

Биылғы оқу жылында университет бағындырған тағы бір жетістік – Азия университеттері арасында жүргізілген ең жоғары рейтинг – Asian University Rankings – 2023 қорытындысы бойынша әлемнің 23 елінен қатысқан 760 университет ішінен үздіктер қатарына кірді.

Жоғары оқу орны ғылыми зерттеулермен белсенді айналысатын, жаңа идеяларды қалыптастыратын бастамашыл, креативті азаматтар үшін тартымды жұмыс орнына айналуда. Кадрларды даярлау 5 институт базасында 115 білім беру бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады. Профессор-оқытушылар құрамының 50%-ның ғылыми атак-дәрежесі бар. Штаттық кестеге «Профессор-зерттеуші» және «Оқытушы-зерттеуші» жаңа лауазымдары енгізіліп, оқытушы моделі нарық талабына сай жаңа құзыреттіліктермен толықтырылды. Оқу үдерісіне облыс кәсіпорындары мен мекемелерінен жетекші практик-мамандар көптеп тартылады.

Жүйелі жұмыс нәтижесінде бакалавриат, магистратура, докторантура-ның жалпы контингенті 1,7 есеге, үш жыл бұрынғы 5195 адамнан 2022-2023 оқу жылында 9014 адамға дейін ұлғайды. Мемлекеттік тапсырыс негізінде оқитындар саны да артып, биыл 3159 адамға дейін ұлғайды. Контингент өсуіне 2020 жылы ашылған рекрутинг орталығының жүйелі жұмысы да ықпал етті.

Облыстың білім беру саласын жаңа формациядағы кадрлармен қамтамасыз ету үшін педагог-модератор, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шебер біліктілік санаттары бар кадрлар үлесін арттыруға, киберпедагогика және қаықтықтан оқыту әдіснамасы бойынша

оқытуға ықпал етудеміз. Бүгінде жергілікті атқарушы органдар гранты негізінде 322 студент білім алуда. Соңғы үш жылда өндірісте кафедралардың 94 филиалы ашылып, практика базаларымен 646 шарт жасалды. Бекітілген жаңа кәсіптік стандарттар мен жұмыс берушілердің сұраныстары негізінде даярлаудың барлық деңгейлері бойынша 95 білім беру бағдарламасы жаңартылды. 163 пән бойынша 38 білім беру бағдарламасына дуалды оқыту элементтері енгізілді.

Көп тілде білім беру бағдарламаларын жетілдіру және ағылшын тілінде білім беру бағдарламаларын әзірлеу, әлемнің жетекші университеттерімен қос дипломды және бірлескен білім беру бағдарламалары іске қосылуға. Өткен оқу жылында үш жаңа білім беру бағдарламасы, Ресей Федерациясының Томск политехникалық университетімен бірлескен магистратура бойынша үш қосдипломды бағдарлама ашылса, Ново-сібір мемлекеттік университетінің механика-математикалық факультетінің филиалын ашу мәселесі күн тәртібінде тұр.

Профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушылардың сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы да ойдайдай жүзеге асырылууда. Өткен оқу жылында шетелден 22 оқытушы шақыртылып, біздің 16 оқытушымыз еліміздің жоғары оқу орындарында дәріс берді. Шетел жоғары оқу орындарында 25, еліміздің жоғары оқу орындарында 74 студентіміз оқып жатыр. Сондай-ақ, 22 шетелдік студент университетте білім алуда.

Соңғы кезеңде ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландырудың жалпы сомасы екі еселей артты. WoS және Scopus халықаралық деректер қорына кіретін басылымдарда жарияланған ғылыми мақалалар саны бір жарым есеге өсті. Университет тарихында тұңғыш рет 2021 жылы жас ғалымдардың ғылыми зерттеулерін қолдау үшін арнайы гранттар бөліне бастады. Жастарды ізденіске жігерлендірген жағымды үрдіс жыл сайын жалғасын таба бермек.

Үлкен жетістіктеріміз қатарына жататын Португалиядағы Жана Лиссабон университетінің үйлестіруімен Мария Складовская-Кюридің Еуропалық одақтың «Horizont – 2020» бағдарламасы бойынша «Альгеймер және Паркинсон

ауруларының профилактикасына арналған инновациялық суда еритін фито-материалдар-ингибиторлар» ғылыми жобасы орындалуда.

Сыр өңіріндегі ортағасырлық қалашықтар мен ескерткіштерге жүргізілген археологиялық зерттеулер халықаралық бағдарламалар Қызылорда облыстық бюджетінен бөлінген қаржы негізінде жалғасын табауда. Соның бір дәлелі – Германия зерттеу қоры 2018-2020 және 2022 жылдары қаржыландырған «Ұлы Жібек жолы бойында көшпенділер мемлекетінің қалыптасуы және урбандалуы: ертеортағасырлық Жанкент қаласы» атты халықаралық жобасы. Биыл жазғы қазба жұмыстарына Тюбинген университетінің археолог ғалымдары, Ресей Жоғары экономика мектебінің магистранттары мен аспиранттары, М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің археология мамандығында оқитын ерікті студенттер қатысты.

Философия докторы (PhD) дәрежесін беру бойынша 2019-2021 жылдар аралығында 7 диссертациялық кеңес жұмыс істеп, 18 диссертация қорғалды. Биыл жанадан педагогика және психология, қазақ тілі мен әдебиеті, құрылыс және құрылыс материалдарын, бұйымдарын және құрастырылымдарын өндіру бағыттары бойынша диссертациялық кеңестер ашылды.

Жоспарлы жұмыстар нәтижесінде «Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Хабаршысы» журналының «Ауыл шаруашылығы ғылымдары» бағыты ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ҚР ҒҖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдар тізбесіне енгізілді.

«Болашақ» бағдарламасы бойынша 7 ғалыммыз АҚШ, Германия, РФ, Беларусь елдерінің жетекші ғылыми орталықтарында тағылымдамадан өтуде. Халықаралық шарттардың саны соңғы үш жылда 20%-ға артып, 180-ге жетті. Оның ішінде QS университеттерінің әлемдік рейтингінің ТОП-500-ге кіретін жетекші шетелдік жоғары оқу орындарымен 8 шарт жасалды. «Қауымдастырылған серіктестердің жаһандық желісі» компаниясының келісімі бойынша 2020 жылдың қазан айында ашылған TOEFL аймақтық тәстілеу орталығы ниет білдірушілердің ағылшын тілі деңгейін ресми растауға жақсы мүмкіндік беруде.

АҚШ Елшілігінің гранты негізінде «Қазақстан университеттерінде экология мен қоршаған орта ғылымдары бойынша тіректі оқу бағдарламаларын ілгерілету» жобасын жүзеге асыруға атсалыстық. Жобаның үйлестірушісі – АҚШ-тың Мичиган университеті. Грант иеленуші ретінде университет 2022 жылы маусым айында К.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Қ.Жұбанов атындағы АӨУ, М.Әуезов атындағы ОҚУ, І.Жансүгіров атындағы ЖУ, М.Х.Дулати атындағы Тару және АҚШ, Нигерия, Монғолия ЖОО-ның жас ғалымдарын біріктірген жұмыс алаңына айналды.

Тағы бір асқолтай жаңалық, Корея Республикасының Білім министрлігі Корея мен Қазақстан арасындағы жоғары білім саласындағы екіжақты ынтымақтастықты ілгерілету үшін 2023 жылы халықаралық ынтымақтастық бойынша жетекші университет жобасын бастамақ. Қорқыт ата университеті мен Сеул ұлттық ғылым және технологиялар университетінің информатика және инжиниринг департаменті бірлесіп, «Жасанды интеллект және информатиканың жаңа

мектебін және бизнес-инкубациялық орталықты құру» жобасын әзірледі. Бірнеше жылға арналған жоба еліміздің экономикалық және цифрлық дамуына септігін тигізбек.

Университет қабырғасында студенттерді ғылыми қызметке баулу үшін қажетті жағдайлар жасалған. Соның бір дәлелі – инновациялық идеяларды қолдаудың «Кәсіпкерлік орталығы» арқылы өткен оқу жылында студенттер тарапынан 46 стартап жоба орындалып, 14,3 млн теңге инвестиция тартылды.

Еліміздің жоғары оқу орындары арасында соңғы екі жылда республикалық ғылыми-зерттеу жұмыстары конкурсында 19 студент жүлдегер атанды. Биылғы XIV республикалық студенттік пәндік олимпиадаға университеттен 21 білім беру бағдарламасы бойынша командалар қатысып, барлығы да жүлделі орындарды иеленді. Тағы бір маңызды бағыт – мектеп оқушыларын ғылымға баулу. Соңғы үш жылда ғалымдарымыздың жетекшілігімен 125 оқушы халықаралық, республикалық ғылыми жұмыстар конкурсы мен пәндік олимпиадалардың жүлдегері атанды.

Цифрландыру жұмыстарының қарқыны да ерекше. Алдағы мақсат – 2025 жылға дейін онлайн университет деңгейіне шығу. Заманауи цифрлық инфрақұрылым арқасында халықаралық аренада позициямыз нығая түсетіні сөзсіз.

Инфрақұрылымды дамытуға бөлінген қаражат жылдан-жылға артып келеді. Университет тарихында алғаш рет ғылыми кітапхананың Студенттер сарайындағы қызмет көрсету бөлімі модернизациядан өтті. Жаңа үлгідегі кітапхана 16 күркүйекте іске қосылды. Тұрғын үйге мұқтаж барлық студенттер жатақханамен қамтылған. Олар үшін оқу ақысы, қоғамдық көлікте жол жүру, тамақтану жеңілдіктері бар.

Бедел биігіңдегі білім ордасы құрылғалы беру қоғам мүддесі үшін 70 мыңдай қасиет маман даярланса, соңғы 5 жылдың үзінде 7036 бакалавр, 1034 магистр тәулесті.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек еліміздегі жоғары оқу орындарының алдына жаңа міндеттер қойды. Бұл қатарда өңірлік жоғары оқу орнын өңірдегі инновациялық, ғылыми-технологиялық, кадрлық және өндірістік белсенділіктің орталығына айналдыру ұжымның ең басты мақсаты болып қала бермек.

Өзінің 85 жылдық белесіне университет мамандар даярлауда өзіндік дәстүрі бар, ұрпақтар сабақтастығын берік ұстанған іргелі оқу ордасы ретінде жетіп отыр. Бұл университеттің ғана емес, сонымен қатар Сыр өңірінің жоғары білім беру жүйесінің биік көрсеткіші деп білеміз.

Мерейтойлық жыл маңызды оқиғаларға толы. Түрлі бағыттағы форумдар, кездесулер, ғылыми конференциялар, тағы басқа іс-шаралар ұйымдастырылды.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті оқытушы-профессорларын, студенттері мен барша түлектерін бүгінгі 85 жылдық мерейтойымен құттықтаймын! Ұжымның шығармашылық табыстары, батыл бастамалары мен кәсіби жетістіктері Жаңа Қазақстан құруға өз үлесін қоса отырып, ынтымақты бірлігіміздің арқасында жаңа белестерді бағындыратынымызға сенім білдіремін.

Бейбіткүл КӘРІМОВА,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда
университетінің Басқарма
Төрағасы-ректоры

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҚТАРЫ АШЫЛДЫ



Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 85 жылдық мерейтойы аясында биология ғылымының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, екі мәрте Мемлекеттік сыйлық иегері Амангелді Саданов атындағы микробиологиялық ғылыми-зерттеу орталығы ашылды. Салтанатты шарада университеттің Басқарма Төрағасы – ректор Бейбіткүл Кәрімова ғалымның ғылым мен білім саласына қосқан еңбегіне тоқталды.

– Амангелді Құрбанұлы өзі білім алған қарашаңырақ Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің өркендеп-дамуына зор үлес қосып келеді. Оның ішінде бірлескен ғылыми жобаларды жүзеге асыру, ғылыми кадрлар даярлау, университетіміздің оқытушы-профессорларын тағылымдамадан өткізу, сондай-ақ «Микробиологиялық ғылыми-зерттеу орталығын» жабып, өскелең ұрпақтың сапалы білім алуы үшін қажырлы еңбек етуде, – деді Бейбіткүл Кәрімова.

Амангелді Садановтың ғылыми-зерттеу нәтижелері бойынша 1036 еңбегі жарық көрген. Оның ішінде 620 ғылыми мақала, 24 моно-

графия, жоғары оқу орындарына арналған 39 әдістемелік құралы мен оқулық даярланды, 155 авторлық куәлік пен патент, тауар белгілері алынды. Ғалымның жетекшілігімен 40 ғылым кандидаты және 17 ғылым докторы дайындалып, бүгінде шәкірттері алыс-жақын шетелдерде, еліміздің түпкір-түпкірінде қызмет етуде.

Сондай-ақ, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, профессор, педагогика ғылымдарының кандидаты Құлбарам Сәдуақасқызы атындағы химиялық білім беру ғылыми-әдістемелік орталығы ашылды.

Ашылу салтанатында Бейбіткүл Кәрімова ғалымның білім мен ғылым саласына

қосқан еңбегін атап, Құлбарам Сәдуақасқызының қызы Ләззат Жарткетенованы университеттің стратегиялық дамуына қосқан үлесі үшін «Қорқыт ата атындағы Алтын медальмен» марапаттады.

Құлбарам Сәдуақасқызы 1997 жылдан бастап Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Химияны оқыту әдістемесі», «Химия және экология», «Биология, география және химия» кафедраларында аға оқытушы, доцент, профессор қызметтерін атқарған. 2018 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Құрметті профессоры атағы берілді.

Профессордың 110 мақаласы, халықаралық және республикалық конференциялардан 41 материалмен тезисі, 2 патенті, білім алушылар мен мұғалімдерге арналған 21 оқу-әдістемелік құралы, авторлық құқық берілген 2 электрондық оқулығы және 3 монографиясы жарық көрген.

«СБ» ақпарат

ҚАБЫРҒАЛЫ ҚАРАШАҢЫРАҚ

Еліміздегі байырғы оқу ордасының бірі – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің құрылғанына 85 жыл толды. Тарихқа үңілсек, Қызылорда педагогикалық институтының іргетасы сонау 1937 жылы қаланған.

Құрылғаннан бері Қазақстанның әлеуметтік-саяси өміріне және экономикасына зор үлес қосып келеді. Бүгінде бұл білім ошағы халықаралық ғылым және білім беру кеңістігінде өзінің лайықты орнын алып, елімізде жоғары білім саласындағы көшбасшы университеттің біріне айналды.

Университет тарихы еліміздің маңызды кезеңдерімен тығыз байланысты. Оның құрылуы ұлттық кадрларды даярлау мәселесін шешуге бағытталған болатын. Осы міндеттерді жүзеге асыруда университеттің бүгінге дейінгі ректорлары елеулі рөл атқарды.

Университет құрамына енген бұрынғы Ы.Жақаев атындағы инженерлік институттың да орны ерекше. Жамбылдың гидромелиоративтік-құрылыс институтының Қызылорда филиалынан бастау алатын бұл оқу орнының тарихы академик Уәлихан Бишімбаевтың есімімен байланысты. У.Бишімбаев филиалдың оқу базасына ғана емес, ғылыми-техникалық әлеуетіне ерекше назар аударып, профессор-оқытушылар Одақтың ғылыми кеңестерінде докторлық, кандидаттық диссертацияларын қорғады. Үкіметтің 1998 жылғы қаулысымен Қорқыт ата атындағы Қызылорда гуманитарлық университеті мен Ы.Жақаев атындағы политехникалық институты бірігіп, университет атанды.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті республиканың өндірістік-экономикалық және әлеуметтік-гуманитарлық салаларына жоғары білікті кадрлар даярлаудың жетекші орталығының біріне айналды. Әсіресе, тәуелсіздіктен кейінгі жылдарда университетті басқарған техника ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық ғылым академиясының академигі Қылышбай Бисенов

университеттің білім беру бағыты мен ғылыми-зерттеу саласын жетілдіруде айрықша қызмет атқарды. Осы тұста кафедралар жан-жақты дами түсті.

Нақты кезеңде университетте 5 институт, 24 кафедра, 5 ғылыми орталық қызмет етеді. Олардың қатарында біздің «Сәулет және құрылыс өндірісі» кафедрасы да бар. Аталған кафедраның тарихы 1978 жылы Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институты Қызылорда филиалы құрамында «Арнайы пәндер» кафедрасынан бастау алады. Сонан беріде кафедра атауы бірнеше мәрте өзгеріске ұшырады. Бүгінге дейін «Құрылыс технологиясы және оны ұйымдастыру», «Архитектура және құрылыс өндірісі», «Өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс», «Құрылыс конструкциялары және құрылыс өндірісі технологиясы» кафедрасы аталған. Бірқатар құрылымдық өзгерістер нәтижесінде құрылыс саласында мамандар даярлау 1999 жылдан бастап екі кафедра негізінде ашылған «Сәулет және құрылыс өндірісі» кафедрасына жүктелді.

Осы аралықта кафедраны Серікбай Қошқаров, Мәлік Сапаралиев, Бақытбек Құлтанов, Камалбек Байғасов, Ләззат Аруова, Сәкен Үдербаев, Гүлназ Жақабаева, Наргүл Сақтағанова, Айгүл Бодықова, Абзал Шегенбаев сияқты беделді ғалымдар басқарды. Олардың университет аудиторларында лекция оқығанын бүгінде мақтанышпен айтамыз. Ұйымдастырушылық қабілеттері нәтижесінде біздің кафедраның әлеуеті артты. Ал соның барлығы университеттің алға жылжуына тамшыдай болсын үлес қосты десек, артық емес шығар.

Жалпы құрылыс материалдарының тиімді технологиясын жасау, үйлер мен ғимараттарды жобалау және оның элементтерін есептеу, зерттеуді басты бағыт еткен кафедрада қазір ауқымды істер атқарылууда. Халықаралық байланыстар бойынша жұмыстар да қарқынды жүргізілуде. Оның ішінде республикадағы, ТМД мемлекеттеріндегі және алыс шет елдердегі ғылыми-зерттеу

орталықтарымен, институттарымен және университеттерімен тығыз қарым-қатынас орнатылған. Сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлықты дамыту, жоғары оқу орындары арасында білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамының тәжірибе алмасуын жүзеге асыру мақсатында Ресейдің Новосібір мемлекеттік сәулет-құрылыс университеті, Самара мемлекеттік сәулет-құрылыс университеті, Мәскеу мемлекеттік құрылыс институтына, отандық жетекші жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдарға жіберу ұйымдастырылады. Мұның өзі ғасырға жуық тарихы бар университеттегі жастардың жаңа бағыттарды игеруіне, үйренгенін болашақ ел мүддесіне жұмсауына ықпал етері анық. Заманның дамыған тұсында әр салада білікті маман қалыптастыру – университеттің негізгі мақсаты. Ал бұл талапқа біздің университет толықтай қауқарлы деп ойлаймын. Оның дәлелі ретінде атқарылып жатқан осы жұмыстар мен кешенді шараларды айтсақ та жеткілікті.

Бұдан бөлек, қазіргі уақыттағы университеттің басқарма төрағасы – ректоры, Қызылорда қалалық мәслихат депутаты Бейбіткүл Кәрімованың басшылығымен біздің қарашаңырағымыз жаңа белестерге көтеріліп, үздіктер қатарына енді. Ұжымның бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып біріккен жұмысы нәтижесінде 2020-2022 жылдары университет QS компаниясы өткізген Азия университеттері рейтингісін (QS Asia University Rankings-2023) нәтижесі бойынша Азияның үздік-551-600 қатарына, аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (АРТА) жасакаттың ҚР-да сұранысқа ие ЖОО-ның ұлттық рейтингінің үздік ондық құрамына тұрақты орнықты. Ал биыл 1+6 білім беру бағдарламасында (БББ) үздік үштікке енді.

Ғалымжан ҚАРШЫҒА,
«Сәулет және құрылыс өндірісі»
кафедрасының меңгерушісі



Форсайт: кешенді әдіс нені меңзейді?

Білім барлық жағынан тұрақты дамудың қуатты қозғалтқышы саналады. Ол әлеуметтік-экономикалық өсуді қамтамасыз етуде өте маңызды рөл атқарады. Дамыған және дамушы елдер білім беру жүйесін қайта қарауға және өзгертуге көп көңіл бөледі. Өйткені білім беру – азаматтар мен қоғамды болашаққа дайындауға бағытталған маңызды басымдықтардың бірі. Сондықтан жоғары білім берудегі реформалар жаңа талаптар бойынша даму мақсаттарына жету үшін қажет.



ды тарту, мақсатты нұсқауларды қалыптастыру арқылы болашаққа бағдарлау, тіпті болашақты құру; нақты кәсіптік және сабақтас салалардағы зерттеу пәнінде қолданылатын әдістер мен желілерді құру әлеуетінің үйлесімі; өзгерістерге дайындықты қалыптастыру, метакәсіби құзыреттерге алдын ала бейімделу. Форсайт әдістері болашақ құзыреттіліктерді болжау үшін де қолданылады. Осылайша, құзыреттілік форсайты технологиялық өзгерістер мен инновациялар контекстіндегі құзыреттілікке болашақ қажеттіліктерді болжай алады.

Білім беру ұйымдары аймақтық және республикалық деңгейдегі форсайттық зерттеулерге белсенді түрде қатысып қана қоймай, оның әдістемелерін өз даму қажеттіліктеріне бейімдегенін дұрыс санаймыз. Жоғары оқу орындары өз форсайттарына білімі, тәжірибесі, көзқарасы мен тәсілдері жан-жақты қатысушыларды тарта алады. Күрделі әлеуметтік-экономикалық ахуал, жаңа демографиялық, технологиялық, қаржылық жағдайлар, білім беру қызметтері нарығындағы өзгерістер көрінісі жаңа ойыншыларды, жаңаша ойлайтын білім беру ұйымдарын көруге мүмкіндік береді. Біл тұста форсайт болашақтың жалпы бейнесін, жеке адамдар мен ұйымдардың келісілген

әрекеттерін қалыптастыру құралына айналуы мүмкін.

Білім беру форсайтының мәніне метапәндік, салааралық жаңа технологияларды зерттеу және қолдану жатады. Әлемдік білім беру қауымдастығында лайықты орын алу үшін саланы дамытудың басым бағыттарын тиянақты және сауатты белгілеп, бәсекеге қабілеттілікті арттыру қажет. Ол үшін келешегі зор жобалар, инновациялық бағдарламалар, технологиялық жаңа енгізілімдер маңызды. Қазіргі уақытта форсайт технологиялары көптеген шет елдерде дамудың негізгі құралына айналды. Оларды жоғары оқу орындарында қолдану студенттерді оқытудың ілгерілеуіне, олардың жаңа әдістемелерді игеруін ынталандыруға, заманауи құралдарды мамандық мақсатына бейімдеуге ықпал етеді.

Осылайша, білім беру форсайты қияли болжамдармен емес, трансформациялық өзгерістермен тікелей байланысты. Білім берудегі форсайт білім беру ұйымының дамуына кедергі келтіретін қиындықтарды түсіну, оқу орындарының болашақ дамуын болжау, болашақта сұранысқа ие білім беру қызметтерін айқындау үшін қажет.

Мәселенің қисынын анықтайтын теориялық зерттеуші және оңтайлылықты белгілейтін практиктер объектілер арасындағы өзара тәуелділіктің жалпы сипатын нақты түсінуі үшін жүйелік инновациялық құбылыстарды форсайт технологияларын пайдалана отырып дәйектегені орынды. Сондықтан ең маңызды құбылыстар мен процестердің форсайт технологияларын анықтау үшін терең талдау мен болжауды пайдаланады. Бұл жағдайда білім берудің негізінде жатқан алғышарттардың, факторлардың, қасиеттердің тұрақтылығы мен өзгерісін бақылап отыру қажет. Осы негізде стратегиялық дамудың болжамын анықтап, білім беруді тұрақты дамыту тұжырымдамасын енгізу арқылы білім беру жүйесіндегі жасырын заңдылықтар айқындалады.

Қайрат БАҚБЕРГЕН,
«Болашақ» университетінің ректоры

Сәрсенбі күні облыстық жастар ресурстық орталығында мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, ісқағаздар мен көрнекі ақпараттарды мемлекеттік тілде қолдану қағидаттарын сақтауға бағытталған «Мемлекеттік тіл және аударма мәселелері» атты семинар өтті.

Сb Актілек БІТІМБАЙ,
«Сыр бойы»

Мәзірді қазақшалауда мән бар



Жиынға облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Артур Қамбаров, облыстық басқармалар мен аумақтық департаменттердің жауапты мамандары, «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» қоғамдық бірлестігі облыстық филиалының өкілдері, жарнама агенттіктері мен тіл жана-шырлары қатысты.

Семинарда облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Артур Қамбаров қазақ тілі ұлттық сана қалыптастыруда басты құрал екенін айтып, мемлекеттік тілдің қолданысына барша азаматтардың жауапты екенін тілге тиек етті. Сонымен қатар, осы басқарманың тілдерді дамыту және ономастика бөлімінің басшысы Ләззат Есімова «Мемлекеттік тілдің қолданылуы» тақырыбында, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің оқытушы-ғалымдары Аман Абасилов «Тағам атауларының мемлекеттік тілдегі базасын қалыптастыру» мәселелері, Алдажар Әбілов «Аударма және балама мәселелері» тақырыбында баяндама жасады.

– Ас мәзірлерін мемлекеттік тілде ұсыну – жер иесі, ел иесінің құзырындағы жауапты іс. Өйткені кез келген шетелдік қазақ топырағына табаны тиісімен көрнекі ақпараттарға, жарнамаларға, ас мәзіріне назар салады. Осыдан келіп ел туралы пікір қалыптаса бастайды. Сондықтан мұны қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайға әсер ететін аса маңызды фактор ретінде қарауымыз керек. Қазақ тілінде сөз жасау, термин жасаудың осы айтылған тәсілдері мен оң бағыттағы қағидаттарын негізге ала отырып, тамақ атауларының мемлекеттік тілдегі базасын қалыптастыруға болады. Ол үшін арнайы ғылыми жоба жұмысы аясында зерттеулер жүргізуіміз қажет. Қазір жаңа жоба ұсынып отырмыз. Жобаның мақсаты – қоғамдық тамақтандыру орындарындағы ас мәзірлерінің мемлекеттік тілдегі лингвистикалық базасын қалыптастыру, – деді профессор Аман Мәделханұлы.

Иә, мұндай база жасау – еліміздегі тіл саясатын жүзеге асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның бір бағыты. Айта кетерлігі, бұл бағытта бұрынсоңды мұндай зерттеулер қолға алынбаған.

Профессордың айтуынша, жоба аясында елімізде барлық қоғамдық тамақтану орындарында ас мәзірін мемлекеттік тілде ұсынууды қалыптастыруға жол ашылып, мекеме иелері ас мәзірін мемлекеттік тілде ұсынуға дағдыланады. Ал келушілер үшін ас атаулары мен әр ұлт ас мәзірлерінің ерекшеліктері жайлы мемлекеттік тілде ақпарат алуға мүмкіндік туады. Сондай-ақ, ас атаулары қазақ тілінде ұсыну арқылы ел мәртебесін биіктетуге, ұлттық салт-дәстүрді дамытуға қол жеткізуге болады.

– Мемлекеттік тіл мәртебесін алған қазақ тілі бүгінде ұлттық руханиятымыздың өзегіне айналды. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қызмет етуінің алғышарттарының бірі – оның қоғамдық өмірдің әр саласында қызмет етуі және соған орай ісқағаздарының қазақша жүргізілуі. Биыл тоғыз айдың қорытындысымен шығыс құжат айналымындағы мемлекеттік тілдің үлесі жергілікті атқарушы органдар бойынша 99,8 пайызды құрады. Өздеріңізге белгілі, 2001 жылы республикада облысымыз алғашқы болып іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуге көшкен. Алайда 97 пайызын қазақ ұлты құрайтын Сыр өңірінде құжат айналымындағы мемлекеттік тілдің үлесін әлі күнге 100 пайызға жеткізе алмай отырмыз. Бұл облыстың рейтингіне де нұқсан келтіретіні сөзсіз. Аталған көрсеткішті дтітпеген межеге жеткізу біздің ортақ мақсатымызға айналуы тиіс. Жалпы, іс қағаздарын қазақша жүргізу – мемлекеттік тілдің жүзеге асуының нақты көрсеткіші, – деді Л.Есімова.

Семинарда баяндамашылар мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту туралы өзге де ойларын ортаға салып, қазіргі мәтіндердегі аударма мәселелерін кеңінен талқылады. Күн тәртібіндегі мәселелер толық қамтылғаннан кейін жиынға қатысушылар өздерінің ұсыныс-пікірлерін жеткізді.

Саяси қуғын-сүргіннің ішке бүккен сыры көп



– Мемлекет басшысының тапсырмасымен аталған бағытта еліміздің барлық өңірінде комиссиялар құрылды. Нәтижесінде мақсатты түрде 11 бағытта тиісті іс-шаралар қолға алынды. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау ғылыми ізденісті қажет етеді. Қаншама архивтің құжаттары ақтарылуы қажет. Осы мәселеге байланысты Қызылорда мен Түркістан облыстары арасында өте тығыз байланыс бар. Өйткені, 1936 жылға дейін аталған аумақтарда Сырдария округі болды. Ол Қазалы мен Әулиеата аралығын қамтыды. Сол уақыттағы көмеспеске, қыштеп ұжымдастыру, адамдардың өзге елдерге үлере көшуі секілді жағдайларға байланысты мәліметтер сол аймақтағы архив мекемелерінен табылады. Қазір осы мақсатта тиісті жұмыстар жасалуда. Биыл Қызылорда және Түркістан облыстық комиссиясының жұмыс тобы Жаңақорған ауданында тәжірибе алмасты. Бірлескен экспедициялар жүргізді. Түркістан облыстық комиссиясы шығарған жинақтын ішінде Қызылорда облысына қатысты деректер аз емес. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау биылғы жылмен шектелмейді. Алдағы уақытта аталған жұмыстарды талдау, сараптау, таразылау шаралары жүргізіледі, – деді Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы,



саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі Түркістан облыстық комиссиясының мүшесі Хазіретәлі Тұрсын. Ал онлайн байланыс арқылы пікір білдірген А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі, философия докторы Рауан Байдалы сол жылдарда жазықсыз жазаланған адамдардың тағдыры жөнінде ой қозғап, пікірін білдірді. Оның айтуынша, архивтік құжаттарды қарағанда түркімен, өзбек және қарақалпақ жерлерінде дәл Қазақстан секілді ұжымдастыру жүрмегенін айтуға болады.

– Қостанай облысы архивін қараған кезде ол жерден үлере көшкен адамдардың Сыр өңіріне кеткені жөнінде құжаттар кездеседі. Сондай-ақ, Қызылорда облысы архивінде жұмыс жасаған қостанайлық ғалымдар көптеген маңызды құжаттарға кезікті. Олардың арасында екі өңірге қатысты нақты мәліметтер қолға түсті, – деді Рауан Байдалы.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің гуманитарлық-педагогикалық институтының директоры, тарих ғылымдарының кандидаты Сағат Тайманның айтуынша, өңірде қуғын-сүргін құрбандарын ақтауға байланысты көптеген іс-шаралар жүзеге асты. Өрине, ғалымдар әрбір құжатқа мән беріп, саяси зобалаң зардабын тартқан

азаматтардың істерін нақтылауға тырысты.

– Біз қараған протоколдың барлығының шынайылығына көз жеткізу мүмкін емес. Олардың барлығы бір-біріне өте ұқсас. Сондықтан ол жөнінде нақты шешім қабылдау қиын. Жазықсыз жазаға ұшырағандар арасында күзетші, етікші, мақташы, молда болған адамдар бар. Сондықтан уақыт ағымының өзгеруіне байланысты оларға орай қабылданған қателіктерге мұқият назар аударғанымыз артық емес. Тарихымызды таразылай отырып, өткен ғасырдың 20-40-жылдар аралығында саяси жазаға тартылған адамдардың көбісінің кінәсі жоқ дегуге негіз бар. Сондықтан оларды ақтап алуға ұсынуға болады, – деді Сағат Тайман.

Кейбір дерек көздеріне сүйенсек, өткен ғасырдың 20-40-жылдарында жергілікті ұлт өкілдерінің облыс халқы санына байланысты үлес салмағы біршама төмендегенін байқау қиын емес.

– Бұл репрессия жылдарында, соғысқа дейінгі және кейінгі жылдарда өзге ұлт өкілдерінің тұлға себеппен облысқа көшірілуі шарларынан болды. Бұл қазақтардың үлес салмағының азаюына алып келді. 1939 жылғы санақта өңірде югослав, португал, итальян секілді ұлттардың да бар болғаны анықталды. Дегенмен зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында көптеген қиындықтар туындады. Кейбір мәліметтерді жергілікті ар-

хивтен кездестіре алған жоқпыз. Оларды өзге өңірлердегі архивтерден нақтылады. Бұл тарихты толық ашуға жеткіліксіз, – деді тарих ғылымдарының кандидаты Айтжан Оразбаков.

Көптеген мәліметтер жинақталып, ғылыми айналымға түсті. Зобалаң жылдарда «Шетелге көшкен адамдардың барлығы кеңес үкіметіне қарсы, олардың барлығы – бай адамдар. Олар – Отанын сатқан халық жаулары» деген теріс түсінік болды.

Конференцияда облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Мира Қазбекова «Кез келген ел үшін бастық құндылық – ұлттық бірлік, ынтымақ және тұтастық. XX ғасыр басында осы құндылықтарды ту еткен ұлт зиялыларының үлкен шоғыры қалыптасты. Олардың есімін ұлықтау – кейінгі ұрпақтың парызы» деп атап өтті.

Ғалымдар саяси қуғын-сүргіннің жазықсыз құрбаны болған, сотсыз немесе тергеусіз атылған, аштық кезінде елден кетуге мәжбүр болған босқындар және тарихымыздың басқа да ашылмаған ақтандақ беттеріне жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде анықталған деректер негізінде баяндамалар жасады.

Конференция барысында облыстық жұмысшы тобының атқарған жұмыстары қорытындыланып, алдағы міндеттері пысықталды.

Химияның қыр-сырына қанықтырған



шығармашылық қызметіне, психологиялық қырағылығына және командада тиімді жұмыс істеу қабілетіне байланысты.

Бүгінгі ЖОО оқытушысы – ол тьютор, кеңесші, модератор, фасилитатор, тәлімгер, мотиватор, жаттықтырушы. Біз Сыр өңірінің жоғары білімі мен ғылымына үлес қосып келе жатқан әріптесіміз, аға буын өкілі, техника ғылымдарының кандидаты, белгілі ғалым Әнипа Сейдалықызы Тапалова туралы айтамыз.

Ол 1952 жылы 5 желтоқсанда Қызылорда қаласында дүниеге келген. Ғ.Мұратбаев атындағы №171 орта мектепті алтын медальмен бітіріп, С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің химия факультетіне түскен. «Химик. Химия оқытушысы» мамандығы бойынша университетті бітірген.

Қызылорда медицина училищесінде оқытушылық қызмет атқарған. 1990 жылдан Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде аға оқытушы, доцент, 2008 жылдан бүгінгі күнге дейін «Жаратылыстану институтының» «Биология, география және химия» кафедрасының профессоры қызметінде. А.Бектұров атындағы Химия институтында «Болаттың коррозиясын тежегіш құрамында мырышы бар силикополифосфаттарды алудың технологиялық негіздерін жасау» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап, техника ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі берілді. «Химиялық технология» мамандығы бойынша доцент ғылыми атағы бар.

Әнипа Сейдалықызы Қорқыт ата атындағы университеттегі 30 жылдан астам ғылыми-педагогикалық қызметінде «Химия» пәні мұғалімдерін даярлауда ерен еңбек етіп келеді. 1-курс студенттері ғалымнан алғашқы химиялық дәрісті, іргелі химия ғылымының бастауын «Бейорганикалық химияның теориялық негіздері», «Элементтер химиясы» пәндерінен тәлім алып келеді. Ол «Жаратылыстану» институтындағы «Бакалавриат-магистратура-докторантура» деңгейлерінде терең, жүйелі білімге және оларды қолдана білу қабілетін дамытуға, жеке тұлға мәдениеті мен ғылыми ойлауын қалыптастыруға аса мән береді. Болашақ «Химия» пәні мұғалімдері үшін маңызды «Бейорганикалық химия», «Аналитикалық химия», «Химия пәнінен күрделілігі жоғары есептер шығару әдістері», «Заттар құрылысы» іргелі пәндерін оқытуда инновациялық әдістерді – проблемалық оқыту, оқытудың зерттеуге негізделген 5Е моделі, контексттегі химия әдістерін пайдаланады.

Сонымен қатар, Әнипа Сейдалықызы магистранттар мен докторанттарға «Химиялық білім берудің экологиялық аспектілері», «Бейорганикалық химияның заманауи концепциялары», «Дарынды балаларды химиялық олимпиадаға даярлау», «Күрделілігі жоғары химия есептерін шығару» курстарында заманауи химияның бүгінгі мен болашағы, химиялық білім берудің әлемдік тенденциялары мен бағыттары туралы дәріс беріп, үздіксіз химиялық білім берудегі кәсіби күздіреттіліктің қалыптасуына үлес қосып келеді. Өзінің ғылыми-педагогикалық қызметінде қажырлы еңбекті қажет ететін оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарды жазумен айналысуда. «Сандық анализ практикалық», «Бейорганикалық химия. Есептер мен жаттығулар», «Жалпы және бейорганикалық химия практикалық», «Элементтер химиясы. Есептер мен жаттығулар» атты оқу құралдары мен «Бейорганикалық химияның теориялық негіздері», «Элементтер химиясы», «Аналитикалық химия», «Минералды шикізаттарды өңдеу технологиясы», «Химиядан есептер шығару әдістемесі», т.б. оқу-әдістемелік кешендерінің авторы.

Университеттегі жоғары оқу орнынан кейінгі ғылыми-педагогикалық кадрлар

XXI ғасырға арналған жоғары білім туралы Дүниежүзілік декларацияда заманауи ғылыми-зерттеу мекемелерінсіз, білікті және білімді адамдарсыз бірде-бір ел тұрақты экономикалық дамуды қамтамасыз ете алмайды деп көрсетілген. Өзгермелі әлемдегі білім беру жүйесі жаһандық тенденциялар мен эволюциялық әлеуметтік өзгерістер әсерінен трансформациялануда. Жоғары оқу орындарында білім алушыларды тиісті оқу пәні бойынша, жалпы кәсіби даярлау сапасы әрбір профессор-оқытушының кәсіби және психологиялық-педагогикалық құзыреттілік деңгейіне, біліміне,

даярлау ісіне де өзіндік үлес қосып келеді. Магистранттардың магистрлік диссертациясына ғылыми жетекші, докторанттардың диссертациялық жұмыстарына ғылыми кеңесші болды. Облыс мектептерімен ғылыми-әдістемелік байланыс, мұғалімдердің біліктілігін арттыру, мектеп оқушыларының ғылыми жобаларына жетекшілік жасау сияқты жұмыстарда табысты еңбек атқарады. Ол жетекшілік жасаған 30-дан аса студент пен мектеп оқушысы облыстық, республикалық, халықаралық олимпиадалар мен жоба конкурстарының жеңімпаздары атанды. Америка, Бразилия, Грекия, Ресейде өткен мектеп оқушылары арасындағы ғылыми жобалар байқауында 10 алтын, 3 күміс, 2 қола медальмен марапатталып, Қазақстанның көк байрағын жоғары көтерген.

Әнипа Сейдалықызының химик-ғалым ретіндегі ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі бағыттары мұнайлы аймақтардың химиялық экологиясын зерттеуге, орта мектептегі және жоғары оқу орындарындағы химиялық білім берудің өзекті проблемаларын зерттеуге арналған. Нәтижесінде 120-дан астам мақала, ғылыми және оқу-әдістемелік еңбек жарық көрді. ЖОО білім алушылары мен мектеп мұғалімдеріне арналған «Бейорганикалық химия. Есептер мен жаттығулар» оқулығы, 6 оқу құралы, 5 оқу-әдістемелік құрал мен кешен оқу процесінде пайдаланылуда. БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен журналдарда, жақын шетелдік ғылыми басылымдарда, Web of Science, Scopus базасындағы жоғары рейтингтілі журналдарда мақалалары жарияланған.

Ғалым-ұстаздың ұзақ жылдардағы ғылыми-педагогикалық еңбектері еле-ніп, ҚР «Үздік оқытушысы» грант иегері атанса, «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» медалімен, «Ы.Алтынсарин» төсбелгісімен марапатталды. Жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін көптеген марапат иеленген.

Әнипа Сейдалықызы ғылыми-педагогикалық қызметінде алыс және жақын шетел жоғары оқу орындарының ғалымдарымен ғылыми байланыста жұмыс жүргізуге аса мән береді. 2009 жылы Халықаралық педагогикалық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланса, (МАНЮ Ресей, Мәскеу), биыл Америка Химиялық одағының (ACS) мүшесі атанды. Білім мен ғылым үйренген, тәлім-тәрбие алған талай шәкірті облыс, республика орта мектептерінде мұғалімдік қызметтерін атқарса, бірқатары Қазақстанның ЖОО-ларында оқытушылық қызмет жасайды.

Әнипа Сейдалықызы – ғалым-ұстаздығымен қатар, ұжымда беделі зор, аға буын өкілі ретінде әріптестеріне ақыл-шыны-педагог, арқасүйер тағылымды тұлға. Өмірлік жары облысқа белгілі азамат, өндіріс басшысы болған Нұрділда Сыздықов екеуінен тараған ұрпақ бүгінгі күні ел игілігі үшін қызмет атқаруда.

Әнипа Сейдалықызын мерейлі 70 жасымен құттықтай отырып, зор денсаулық, отбасына амандық, бақ-береке тілейміз!

Самалбек ҚОСАНОВ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті «Жаратылыстану» институтының директоры, ауылшаруашылық ғылымдарының кандидаты,
Гүлмира АБЫЗБЕКОВА,
Т.Қуанышбаев атындағы ғылыми-білім беру орталығының жетекшісі, химия ғылымдарының кандидаты

Маған бұйырған бір бақыт

(Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері Алдажар Әбіловпен сұхбат)

– Алдажар ағай, жақында ғұмыржасыңыздың 65-інші белесіне шықтыңыз. Сіздің өміріңізбен біте қайнасқан университетке 85 жыл толып отыр. Қабат келген қос тойыңыз құтты болсын.

Осы білім қарашаңырағына келгенге дейінгі кезеңдерді бір сәт еске түсіріңізші.

– Мен 1982 жылы С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін бітірдім. Ол кезде осылай аталады, қысқаша – «ҚазҒУ». Университет маған Арқалық пединститутына жолдама берді. Алайда, сол екі ортада институт бітіріп тұрған біраз офицерді әскери дайындыққа алып кетті.

– Офицерсіз бе?

– Университетте әскери кафедра болды, сол арқылы мен лейтенант шенін алып шыққанмын. Қордай полигонына алып барды, таулы жерлердегі соғыс тәсілдерін үйретті. Содан 7-қараша қарсаңында бір-ақ босатты. Жолдамалды алып Арқалыққа бардым. Ол жақта мұғалім маман тапшы екен, қосымша облыстық оқу бөлімінде де жұмыс істейсің деді. Бөтен жер, күн де суық екен, қарашаның басында-ақ арқа-басымды аяз қарып тастады. Содан үндеместен Алматы қайдасың деп тартып кеттім.

«Құланды» жылқы зауытында істейтін Сейтамағанбет Жанәлиев деген нағашым бар еді. Өзі белгілі кісі, Отан соғысының ардагері, Социалистік Еңбек Ері. Нағашыма арқа сүйейтін кез келді дедім. Сөйттім де сол кісінің атынан Қазақ ССР Оқу-ағарту министрі Қажахмет Балахметовке арыз жаздым. Мазмұны белгілі, Әбіловті Қызылордаға жіберуге көмектес деген. Оны өз қолыммен министрлікке апарып беріп, қайта-қайта сол жерді төңіректен жүрдім. Үшінші күн дегенде министрдің қабылдау бөлмесіне барған едім, хатшы қыз «министр сізді кірсін деп жатыр» деді.

Министр қалың қабақты, тығыршықтай қараторы кісі екен. Менің жазған арызым алдында жатыр. Жағдайымды түсіндіріп айттым.

Министр дереу телефонын көтеріп, Арқалық пединститутының ректорын қосынды деді. Аргы жақтан дауыс естілгенде:

– Барған кадрға неге еге болмайсың? – деп қакқан терідей дүңк ете қалды. Басқа ештеме демеді, тіпті жауап та күтпестен телефон құлағын қоя салды. Сосын қызметкеріне мені тапсырып: «Қызылорда пединститутына жолдама жазып беріңіз» деді.

– **Сонымен, бірден Қызылорда пединститутына келіп, ұстаздық іске кірісіп кеттіңіз бе?**

– Жоқ, кірісе алмадым. Бұл – 1982 жыл, пединститут маған 1991 жылы, тоғыз жылдан соң ғана есік ашты.

– Неге қабылдамады?

– Бірден ректор Оралхан Камардиновке кіргенмін. «Кеш келіп тұрсың, жұмыс жоқ» деді. Бірақ, далада қалмайтынымды айтты. Облыстық оқу бөліміне жіберді. Олар маған облыстық партия комитетіне барып көр деді. «Обкомдағы» барған кісім – үгіт-насихат бөлімі менгерушісінің орынбасары Әбдіжәлел Бәкіров. Әбекең мені облыстық музейге жіберді. Осылайша, ақыры пединститутқа бармасымды біліп, обкомға жолдамалды қалдырып кете бардым.

Музей директоры Көмекбай Қарақозов аға ғылыми қызметкер қылып жұмысқа алды.

– **Еңбек жолыңыз осылай басталды ма?**

– Иә. Музей қазіргі орыс шіркеуінде орналасқан екен. Мемлекет тарапынан дін атаулығы көңіл бөлінбейтін заман. Қала орталығындағы «Айтбай» мешітінің есігінде қара құлып тұратын.

Мен барған кезде шіркеудегі музейдің біраз экспонатын осы кездегі музей үйіне тасып жатты. Ол бұрын қонақ үй болған. Жаңа қонақ үй салынған соң оны музейге берген. Сол көшіру жұмысына кірісіп кеттім. Келесі жылы музей түгел көшіп болды. Мені басшылар Қармақшы ауданынан жәдігер жинау жұмысына бекітіп қойды. Қолымызда ақша бар, музейге керек зат болса, сатып аламыз.

тікелей әсер етіпті. Оны айта-сыз, мені пединститут қабылдау комиссиясына шақыратын болды. Сөйтіп үш жыл мемлекеттік емтихан қабылдау комиссиясының мүшесі болдым.

Бұл күні аты көпке белгілі ғалым, профессор Өтеубай Қожақов екеуміз бұрын музейде бірге жұмыс істегенбіз. Сондықтан екеуміз бір-бірімізді іздеп тұрамыз. Сол уақытта Өтеубай пединститутта жүрген. Соған барсам,

институт оқытушысы Медеуәлі Бимағанбетов ағай бір ісқағазды қиялап отыр екен. Сәлем бердім, шамасы орысшадан аударуға сәл қиналықырағандай. «Маған беріңізші» деп тез аударып бердім. Институтта диплом жұмысым аударма тақырыбы болған, орысшаға жеткіпін.

Риза болған ағай қолымнан жетектеді де, қарсылығыма қарамастан бірден ректор Досманбетовке алып кірді. «Мына жігіт бізге керек, жақсы маман, аудармашы» деді. Ректор да Бимағанбетовтің түпкі ойын бірден түсінді білем, бұйрық берді де жіберді.

– Содан бастап осы білім қарашаңырағында келе жатырсыз. Біз – студент кезімізде сіздің алдыңыздан дәріс алған шәкіртіміз. Сіз жасаған еңбектеріңіз біразын білеміз. «Сыр түлегі»

атты оқу орны газетінің алғашқы редакторы болдыңыз. Қазақ тілінің мәртебесі үшін көп еңбектендіңіз. Оқытушылығыңызға тікелей қатысты болмаса да, сіресең орыс тілін қолдануды онай көретін біраз мекемелерде қазақ тілді баспасөз қызметінің ашылуына сенгіңіз тиді. Осындай қызметтеріңізді бір саралап өтсеңіз...

– Алғашқы кезде оқытушылықпен бірге кадр бөліміндегі ісқағаздарды аудару жұмыстарымен айналыстым.

Кейін диплом жұмысымды кеңейтіп, «Әбілмәжін Жұмабаевтың көркем аудармадағы шеберлігі» деген тақырыппен кандидаттық диссертация қорғадым.

1998-1999 жылдары факультет деканының орынбасары, 1999-2004 жылдары «Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика» кафедрасының меңгерушісі болдым. 2004-2006 жылдары ғылыми-зерттеу жұмысыма байланысты аға ғылыми қызметкерлікке ауыстым. 2000-2015 жылдары ҚР Ішкі істер министрлігінің училищесінде оқытушы, ОПД мемлекеттік тіл және ақпарат бөлімінің редакторы, 2005-2012 жылдары Қызылорда Қазақ-Қытай университетінде ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор қызметтерін қоса атқардым. 2006 жылдан осы кезге дейін «Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика» кафедрасының доценті қызметін атқарып келемін. Тілдерді дамыту өңірлік орталығы ғылыми-әдістемелік кеңесінің мүшесімін.

– **Университеттің дамуы мен кең қанат жаюына кімдердің үлесі болды деп білесіз?**

– Сөз жоқ, осы жайлы айтылғанда Бакберген Досманбетов пен Қылышбай Бисеновтің есімі алдымен аталады. Бұл екі кісінің білімділігі, іскерлігі, қарапайымдылығы, көпшілікті әріккіме үлгі. Әрине, «бір басшыға – мың қосшы» дегендей, оқу ошағының бүгінгі күнге жетуіне ғалым-оқытушылардың, қызметкерлердің қосқан қомақты үлесі бар.

Біздің университеттің білім сапасын арттыруда, маман дайындауда алыс-жақын шетелдердегі әріптестерінің арасында бөделі жоғары. Университеттің АҚШ, Египет, Корея, Канада, Ресей, Түркия, тағы басқа да елдермен ғылыми және мәдени ынтымақтастығы орнатылған. Халықаралық білім кеңістігіндегі орны айқын.

Маған осындай білім қарашаңырағында еңбек ету бақыты бұйырды.

– **Әңгімеңізге рахмет.**

Сұхбаттасқан
Дүйсенбек АЯШУЛЫ,
«Сыр бойы»

БҰҰ-ның Қазақстандағы халықтың қоныстануы саласындағы қорының қолдауымен (ЮНФПА) жүргізілген зерттеу қорытындысына сүйенсек, 2000-2018 жылдар аралығында Қазақстанда ажырасқандар саны орта есеппен екі есе көбейген. Елдің барлық өңірінде, тіпті қазақы тәрбиенің қаймағы бұзылмаған ауылдардың өзінде шайқалған шаңырақтар саны арта түскен. Мәселен, неке бұзу деректерінің саны Шығыс Қазақстан облысында 1,3 есе, Алматы облысында 2,8 есе көбейтті.

«Егер 2000 жылы елдегі ажырасулар саны барлық неке санының 30 пайызы болса, 2018 жылы бұл көрсеткіш 40 пайызға дейін көтерілді. Мұндай динамика сақталса, алдағы уақытта әрбір үшінші неке ажырасумен аяқталады», – делінген зерттеуде.

Ұлттық статистика бюросының дерегіне, алдыңғы жылы шаңырақ шаттығы жиі бұзылған өңірлер арасында Алматы қаласы көш бастаған (3 мың), одан кейінгі орында – Алматы облысы (2,5 мың) және Қарағанды облысы (2,2 мың). Бір жыл ішінде некеге тұру санының айтарлықтай төмендеуі Шымкентте (17 пайызға азайған), сондай-ақ Солтүстік Қазақстанда (14,9 пайыз) және Қостанай облысында (14 пайыз) байқалды. Неке құрған жұптар саны тек Қызылорда облысында өскен, оның өзінде 1 пайызға ғана.

Біздің өңірдегі ахуал да көңіл қуантарлықтай емес. Мәселен, Қызылорда қалалық сотының мәліметіне сүйенсек, биылғы 10 айда өндіріске неке бұзу бойынша 1351 талап түскен. 1044 азаматтық іс аяқталып, 633 шешім шығарылған. Соның ішінде 620-сы қанағаттандырылған. Былтыр есепті кезеңде қалалық сотқа неке бұзуға байланысты 1432 талап түсіп, 752-сі қанағаттандырылған. Ал облыстық статистика басқармасы берген деректе облыс бойынша АХАЖ бөлімі арқылы биылғы 9 айда 274 неке бұзылса, былтыр бұл көрсеткіш 319-ды құраған. Басқарма ма-



Ажырасу артында ұрпақ тағдыры тұр

орнатып, жастарды жаңа отбасылық өмірге дайындап, керек болса ақылдарын айтып, ұрыс-керіс шықса бақылап, екі жақты жарастырып отырған. Жастар ауыл ақсақалдары мен үлкендердің сөзінен аспаған. Тентегін тезге салып, ақылын айтатын ақсақалдардың, отбасындағы жөнсіз ұрыс-керісті болдырмай, үй ішіндегі берекенің ұйытқысы болатын дана

ріп келген отбасылардың екіге бөлініп жатқанын естігенде таңғалатынымыз рас. Мұндайда халқымыз «араға шайтан кірген» деп жатады. Міне, психологтардың айтып отырғаны осы болса керек.

Ал Қызылорда қалалық сотының судьясы Нұрлан Төлеш қазіргі кезде ажырасудың белең алу себептерін материалдық жағдаймен, жұмыссыздық, әсі-

кезде баспана кезегіне тұрып, жеңілдікпен үй алуда жалғыз-басты ана категориясы деп бөлінбейтін болды, яғни, оларға мемлекет тарапынан қандай да бір артықшылық берілмейді. Бұл да өз кезегінде ажырасудың азаюына оң әсерін тигізеді деп ойлаймыз, – дейді Нұржан Жұмабекұлы.

Судьяның сөзін Қазақстандық қоғамдық даму институтының Facebook әлеуметтік желісінде жариялаған мына дерек те толықтыра түскендей. Олар отбасылық өмірге жағымсыз әсер ететін факторлар рейтингін шығарған екен. Қазақстандықтардың пікірінше, отбасылық өмірге мынадай жағымсыз факторлар әсер етеді: бірінші – материалдық қиындықтар (50,5%), екінші – мінездердің үйлесімсіздігі (40,4%), үшінші – махаббаттың болмауы (35,9%), төртінші – арада баланың болмауы (25,4%), бесінші – жеке тұрғын үйдің жоқтығы (23,8%).

«Кестеде көрсетілген жеті фактордың төртеуі 2020 жылғы сауалнама нәтижелері бойынша да алдыңғы қатарларда болды. 2021 жылы «материалдық қиындықтар» 5,2%-ға көп дауыс жинады. Сондай-ақ, тағы бір әлеуметтік-экономикалық себеп – «жеке тұрғын үйдің жоқтығы» «зиянды әдеттерді» алмастырып,

Қазақстанда 18-75 жас аралығындағы әйелдердің 17 пайызы өз өмірінде бірнеше рет физикалық немесе жыныстық зорлық-зомбылықты, тіпті екеуін бірдей бастан кешірген.

Пандемияға байланысты жарияланған карантин бүкіл әлемде, оның ішінде қазақ қоғамында да зорлық-зомбылықтың өршуіне әкеліп соқты. Ресми деректерге сүйенсек, 2020 жылдың алғашқы 8 айында елімізде 130 мыңнан аса отбасындағы зорлық-зомбылық фактісі тіркеліпті. 2019 жылы қазақстандық 2480 қыз-келіншек зорлыққа ұшыраған, 742 нәзікжанды өзіне қол жұмсаған.

«Балалы үй – базар, баласыз үй – қу мазар» демекші, жұптардың екіге жарылуына басты себептің бірі – сәби сүю бақытының бұйырмауы. Мұны жоғарыда келтірдік.

Жұбайларды жарастыруға соттар да мүдделі

Қазақ отбасылары арасындағы ажырасу мәселесі мемлекет басындағыларды, психологтар мен репродуктологтарды ғана емес, заң қызметкерлерін де алаңдатады. Екі бөлек кетуге түбегейлі бел буған ерлі-зайыптылардың сотқа жүгінетіні бел-

байқалады. Екі-үш жыл некелік қатынасы ажыраған, бір шаңырақ астында тұрмайтын ерлі-зайыптылар болады. Олардың некесі берілген уақыттан кейін екі жақтың келісімімен бұзылады. Ал жараспай жүргеніне бір-екі ай ғана болған, баласы бар жұптарға тиісті татуласу мерзімі екі айдан алты айға дейін белгіленеді. Негізінен ортақ балалары бар ерлі-зайыптылардың кара бастарының қамын ғана ойламай, бір-біріне кешіріммен қарауы маңызды. Өйткені, бірінші кезекте ажырасудың бала психологиясы үшін зардабы өте ауыр, – дейді судья.

Сабыр мен сыйластық бәрін жеңбек

Материалды дайындауда көпбалалы ананың да пікірін сұраған едік. Ол кісі отбасындағы ұлттық тәрбиенің өз денгейінде жүргізілмей жатқанын, жаһандық үрдістерге еліктеудің абырой әпермейтінін, ең бастысы сабыр мен сыйластық деген ұғымнан ажырап бара жатқанымызды алға тартты.

– Қазіргі жастардың үйленбей жатып ажырасуына біріншіден отбасындағы тәрбиенің ролі көп. Себебі, халқымызда «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсін» деген тамаша тәмсіл бар. Ұл болсын, қыз болсын ата-анасынан көргенін бойына сіңіреді. Отбасында әке-шешесінің жанжалын, ұрыс-керісін көріп өскен үл-кыз өзі шаңырақ көтергенде де соны қайталайды. Бала үшін ата-анадан артық үлгі, ата-анадан асқан биік тұлға жоқ. Бірақ соны үлкендер жағы естен шығарып алады. Әсіресе, әйелге көп нәрсе байланысты. Өмір болған соң қиындығы мен қуанышы қатар жүреді. Сондайда ер азаматына сүйеу болып, барға қанағат, жоққа тәубе ете білу әйелдің ақыл-парасатын, өнегесін көрсетеді. Бүгінгі қоғамда өкінішке қарай, ер азаматының бетінен алып, төсіне шабатын шайпау әйел, әкені әке, ағаны аға ретінде сыйламайтын көкейт қыз көптеп кездеседі. Қазіргі кезде әйелдерге ерікті бергеніміз сонша, оларды қайтара алмайтын күйге жеттік. Мұның бәрі ұлттық тәрбие тінінен ажырағанымыздың көрінісі деп білемін.

Сабыр деген қасиет бар адамда. «Сабыр – иманның жартысы» деп жатады ғой. Қазіргі адамның бойында сол жетіспейтін секілді. Сабыр, ұят, обал деген ұғымдарды жастардың санасына сіңіріп өсірмей болмайды. Өмірден еш тәжірибесі жоқ, жастық жалыны бойларында тасып тұрған жұп бірінен-бірі жеңілгісі келмейді, біріне бірі кішіреюді кемшілік көретіні белгілі. Осы орайда ер азаматты сыйлауды санасына сіңіріп өскен қыз болса дер кезінде тоқтайды, ал билесе қиын.

Екіншіден, ажырасудың белең алуына әлеуметтік желілердегі қызылдық-жасылдық жарқыраған дүниелер, жердегі «жұлдыздардың» аста-төк, молшылық өмірі әсер етуде деп ойлаймын. Еліктегіш жастар солардай болмадық, күйеуім шетелге қыдырпады, мол ақша таппады, қымбат көлік мінгізбеді, зәулім үйде тұрғызбады деп өкпесі кара қазандай болады. Сонан барып күйеуінің тапқан табысын місе тұтпайды, арты ұрыс-керіске ұласады. Ал оның арты ажырасуға тіреледі.

Мұндай жағдайларды жан-жағымыздан жиі көріп жүрміз. Бұл – өте қауіпті құбылыс. Жаһандық үрдіс деп, әркімнің әрнәрсесін өмір салтымызға енгізе беру, соларға еліктеу абырой әкелмейді, – дейді көпбалалы ана, Күміс алқа иегері Алтынқұл Токтарбайқызы.

Ардагер ана сөзінің жаны бар. Қалай болғанда да қазір қоғамдағы ажырасу алаңдатып тұр. Мәселенің шешімі ажырасу деп түсінетін жастар қатары күн өткен сайын артпаса, азаймай отыр. Осы орайда ұлттық тәрбиені ұлықтап, оны насихаттаудың маңызы зор екені белгілі. Жуырда қалада «Анаға тағзым» орталығының кірпіші қаланды. Орган облыс әкімінің өзі қатысты. Орталықтың мақсаты – отбасылық құндылықтарды дәріптеу, қыз балалардың бойына ұлттық тәрбиені сіңіріп, ақылды-парасатты, сымбатты бойжеткен, әйел, ана болуға баулу, үлгілі көпбалалы аналардың өмір тәжірибесін жастарға өнеге ету. Орталық құрылысы келер жылы аяқталып, пайдалануға беріледі деп жоспарланған. Әрбір қазақ шаңырағы болып, тұтас ел болып отбасы құндылықтарын насихаттап, жастарға жұбайлық өмірдің қыр-сыры жайында жан-жақты дәріптелсе, ажырасу да азаяр ма еді.

«*Ұлттық статистика бюросының дерегіне, алдыңғы жылы шаңырақ шаттығы жиі бұзылған өңірлер арасында Алматы қаласы көш бастаған (3 мың), одан кейінгі орында – Алматы облысы (2,5 мың) және Қарағанды облысы (2,2 мың). Бір жыл ішінде некеге тұру санының айтарлықтай төмендеуі Шымкентте (17 пайызға азайған), сондай-ақ Солтүстік Қазақстанда (14,9 пайыз) және Қостанай облысында (14 пайыз) байқалды. Неке құрған жұптар саны тек Қызылорда облысында өскен, оның өзінде 1 пайызға ғана.*

мандарының айтуынша, АХАЖ бөлімі арқылы ажырасатындар – ортақ баласы, мүлкі жор ерлі-зайыптылар. Ал ортақ бала немесе мүлік болған жағдайда неке сот арқылы бұзылады. Сондықтан олардағы бар мәлімет осы екен. Солай-ақ болсын.

Сонда бір кезде сүйіп-күйіп қосылған жастардың бір-бірінен оңай жерінетіндей не болды екен? Жастарды жаңа өмірге бейімдей алмаған ата-ана кінәлі ме әлде қоғам ба? Мүмкін әлеуметтік жағдайдың әсері шығар? Балкім, отбасындағы тәрбиенің осалдығы болар? Қалай десек те, өмірдің ащы-тұщысын бірге татып, қуанышта да, қайғыда да бірге болуға серттескен жұбайлардың екі жарылуы, тіпті бір-бірін көрместей болып кетісуі жақсылықтың нышаны емес. Олай болса кінә кімде, кемшілік неде?

Үй бола алмағандар неге көбейді?

Дәстүрлі қазақ отбасында ажырасу деген мүлде жат ұғым болған. Этнографтардың сөзінше, бұл үрдістің бұзылуына түрлі тарихи оқиғалармен қатар әлеуметтік жағдай әсер етті. Ата-ана мен отбасы алдындағы жауапкершілікті сезінген деген мақсатпен баласының құлағына «Он үште отау иесі» деген аталы сөзді құйып өсірген қазақ ұлын ерте үйлендірген. Алайда қалыңмал беріп, қыз айттыру дәстүрі 1925 жылы «Қалыңмал алуды жою туралы» декреттен соң сирей бастады. Сонымен қатар бұл үрдістің бұзылуына өткен ғасырдың 20-жылдарындағы ұжымдастыру, ашаршылық, қуғын-сүргін мен соғыстың ықпалы зор болды. Ал қалыңын беріп, қызын алған қазақ құдасымен байланыс

кейуаналардың арқасында қазақ отбасында ажырасу деген түсінік болмаған. Отбасы және неке мәселесін зерттеп жүрген этнограф Аманжол Қалыштың айтуынша, ажырасу өткен ғасырдың 40-50-жылдары кең етек жаса бастады.

«Егер 1950 жылдары әрбір жүзінші отбасы ажырасса, 1980 жылдары әрбір төртінші, 1990 жылдары әрбір үшінші отбасында ерлі-зайыптылардың жолдары екі айырылатын болған. 2000 жылдары тіркелген 90873 некенің 27391-і бұзылған. Ал он бір жыл араға салып қарасақ, 2011 жылы үйленген 160517 жұптың 44 928-і ажырасқан. Бұл, әсіресе Қарағанды, Павлодар мен солтүстікте, шығыс және орталық аймақтарда қатты белең алған» дейді маман.

Алайда, жоғарыда айтып өткеніміздей, бүгінде ажырасу елдің барлық өңірінде белең алып отырғаны белгілі. Психологтардың сөзінше, жолдары екіге айырылған ерлі-зайыптылардың саны қаншалықты көп болса, олардың ажырасуына түрткі болған себеп те соншалықты көп. Отбасылардың ойран болуына көбіне тұрмыстық зорлық-зомбылық, әлеуметтік жағдайдың қиындығы, жұбайлардың бірінің есірткіге, ішімдікке тәуелділігі, опасыздық, сондай-ақ ерлі-зайыптының ұзақ уақыт бала сүйе алмауы себеп болады.

Расында, әр отбасы белгілі бір даму кезеңдерінен өтеді, әр кезеңде түрлі түйткілерге тап болып, бұрын-соңды мойынға артып көрмеген міндеттер пайда болады. Мысалы, бірінші баланың дүниеге келуі. Өйткені мамандардың пікірінше, көптеген неке осы уақытта бұзылады екен. Сондай-ақ, балалар есейген кезде ерлі-зайыптылар өздерін баладан басқа ештеңе байланыстырмайтынын ұғалы. Арагідік болса да, ондаған жыл бір шаңырақ астында өмір сү-

«*– Қазіргі кезде ажырасуға негізінен материалдық жағдай, жұмыссыздық, ер азаматтың отбасылық жауапкершілікті сезінбеуі себеп болуда. Көбіне отбасында баласы үшін ата-анасы жауапкершілік арқалап, өз баласын өсіріп-баққаны аздай, солардың баласын, яғни, немерелерінің бар жүгін де өз мойндарына жүктеп алады. Сондай-ақ, қазір мемлекеттік жәрдемақы алу үшін қағаз жүзінде ажырасулар көбейді. Мәселен, көпбалалы немесе жалғызбасты ана ретінде жәрдемақы, баспана алу үшін айырылысып жатады. Бірақ кейінгі*

көмек алу үшін қағаз жүзінде ажырасулардың көбейгенін де алға тартады.

– Қазіргі кезде ажырасуға негізінен материалдық жағдай, жұмыссыздық, ер азаматтың отбасылық жауапкершілікті сезінбеуі себеп болуда. Көбіне отбасында баласы үшін ата-анасы жауапкершілік арқалап, өз баласын өсіріп-баққаны аздай, солардың баласын, яғни, немерелерінің бар жүгін де өз мойындарына жүктеп алады. Сондай-ақ, қазір мемлекеттік жәрдемақы алу үшін қағаз жүзінде ажырасулар көбейді. Мәселен, көпбалалы немесе жалғызбасты ана ретінде жәрдемақы, баспана алу үшін айырылысып жатады. Бірақ кейінгі

себептердің алғашқы бастігіне кірді. Екінші жыл қатарынан респонденттердің бестен бір бөлігі жағымсыз фактор ретінде туыстарының отбасылық өмірге араласуын атап өтті» деп жазылған жазбада.

Сауалнама 14 облыс пен республикалық маңызы бар 3 қалада жүргізілген және оған қатысқан респонденттер саны 1200 адам.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық та ажырасудың артуына себеп болып отыр. Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының жуырда жарияланған есебіне сүйенсек, әлемдегі әйелдердің үштен бірі ер адамдар тарапынан физикалық немесе жыныстық зорлық-зомбылық көрген. Ал



СҰХБАТ

Мүмкіндігі шектеулі жандар – адамды басты құндылық ретінде қадірлейтін қоғамда еш қиындық көрмейді. Қазалы ауданында сала бойынша атқарылып жатқан жұмыстарды білмек болып, аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің басшысы Совет Бабанаевпен сұхбаттасуды жөн көрген едік.

Қоғам қолдауы қанаттандырады

– Совет Кенесұлы, бүгінде мүмкіндігі шектеулі жандардың тыныс-тіршілігі, жай-күйі қалай? Қанша адам тіркелген?

– Мүгедектерді жеке оналту бағдарламасына байланысты әлеуметтік қорғау, әлеуметтік көмек көрсету, медициналық, әлеуметтік және кәсіптік оналту, білім беру және олардың қоғам өміріне басқа азаматтармен бірдей белсене қатысуына мүмкіндіктер жасау сынды істер күн тәртібінен түскен емес.

Аудан көлемінде бүгінгі күнге мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар саны 3229. Оның ішінде I топта 263, II топта 1203, III топта 1300 жан бар.

Ал 7 жасқа дейінгі балалар 130-ға жеткен. Сонымен қатар 7-18 жас аралығында I топта 45 бала, 7-18 жас бойынша II топта 45 бала, 7-18 жас аралығындағы III топтағы 243 бала тіркеуде тұр.

– Оларға бөлім тарапынан қандай қолдаулар жасалып келеді?

– Өткен 10 айда Қызылорда қаласының «Талсуат» елді мекенінде орналасқан мүгедектерге арналған оналту орталығына жеке оналту парағы бойынша жолдамамен 50 адам жіберілді.

Жеке оналту бағдарламасымен санаторий-курорттық қызмет көрсетуші мекемені өздерінің электрондық цифрлық қолтаңбалары арқылы таңдап, 115 мүмкіндігі шектеулі адам демалуға жіберілді. Протезді-ортопедиялық құрылғылар 363 адамға, тифлотехникалық құрылғылар 171 адамға, арнаулы жүріп-тұру құралдары 71 адамға, сурдотехникалық құралдар

37 адамға жеткізіп берушілер төлем жасап, аудандық пошта байланыс торабы арқылы үйлеріне апарылды. Басқа да көптеген көмек пен жеңілдік қарастырылған. Солардың бірі – «Инватаси» қызметі. Бұл қызмет бойынша тұрақты түрде мүмкіндігі шектеулі жандарға қызмет көрсетіледі. Қазір бірнеше азамат осы тасымал түрімен күнтізбесіне сай қамтамасыз етілген.

Сонымен бірге «Шапағат» мүгедек балаларға арналған күндізгі жартылай стационарлық оналту орталығының есігі де арнайы қызметті қажет етуші жандарға айқара ашық. Жүріп-тұруы қиын I топтағы мүгедектер үшін жеке көмекшінің қызметі, ымдау тілі бойынша арнайы мамандар қызмет жасайды.

«Мүгедектерді оналту» бағдарламасына сәйкес жеке оналту парағы берілген 120 мүгедек балаға 8 түрлі қызмет, яғни әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-медициналық, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-құқықтық сынды үйден арнаулы әлеуметтік қызмет те қарастырылған.

– Көп жағдайда мүмкіндігі шектеулі жандар қоғамның арнайы көмегін қалайды, өзіндік ортаны қажет етеді. Жалпы мүгедек жандар мерекелерді қалай қарсы алады? Атқарушы билік тарапынан бұл бағытта қандай шаралар ұйымдастырылады?

– Мүмкіндігі шектеулі жандарға арналып, жыл басында 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай «Көрікті көктем арулары» атты

іс-шара өткізілді. Іс-шарада олармен бірге әлеуметтік қызметкерлер сән үлгісін жасап, қолөнермен қоса көрініс қойды. Би билеп, өлең айтып, өз өнерлерін көрсетті. «Спорт – біздің серігіміз» атты кресло-арбадағы қызмет көрсетілетін балалар мен ата-аналары, әлеуметтік қызметкерлер арасында іс-шара өткізілді.

«Балалар жылына» орай «Женіс» паркінде «Бақытты балалық шақ» атты тақырыпта сурет салудан жарыс ұйымдастырылды. Шараның мақсаты – отбасы ролінің маңызын ұғындыру, баланың тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ету. Сонымен бірге Халықаралық балаларды қорғау күніне орай жеке кәсіпкер С.Ысқаков «Бар мейіріміміз – балаларға» атты қайырымдылық шарасын өткізді. Онда аудан әкімі М.Оразбаев құттықтау сөз сөйлеп, бүлдіршіндерге және ата-аналарға лебізін білдіріп, сыйлықтар таратты.

Сонымен қатар әлеуметтік-мәдени қызмет бойынша мүмкіндігі шектеулі үйден арнаулы әлеуметтік қызмет алушы балаларға арналған іс-шараларды ұйымдастыру жұмыстары атаулы күндерге байланысты тұрақты түрде жүргізіледі.

Бүгінде 4890 аз қамтамасыз етілген тұрғысы төмен отбасы мен мүгедектерге қаржылай және азық-түлік, қатты отын беру, баспасөзге жазу және кәсіпкерлердің демеушілігімен қайырымдылық көмек көрсетіліп келеді.

– Әңгімеңізге рахмет!

Әңгімелескен
Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы

Балпық би ауылының тұрғыны автокөлік ұтып алды



КМФ компаниясының 25 жылдығына орай өткен «Айхай 25!» науқаны аяқталды. 30 мыңнан аса адам қатысқан науқанның басты ұтыс ойыны тікелей эфирде өтіп, басты сыйлықтардың иелері анықталды.

Биыл қыркүйектен бастап бизнесін дамытуға 500 мың теңгеден жоғары сома рәсімдеген КМФ клиенттері науқанға қатысты. Компания 100 смартфон, саяхатқа арналған 1 миллион теңгеден 2 сертификат пен автокөлік ойнаты. Басты ұтыс ойынында Алматы облысы Ұйғыр ауданы, Шонжы ауылының тұрғыны Саидам Алимжановна мен Жетісу облысы Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылының тұрғыны Айкын Ахат саяхатқа сертификат ұтып алды. Ал автокөлік Жетісу облысы Көксу ауданы Балпық би ауылының тұрғыны Сәуле Қанашқа бұйырды.

2019 жылдан бері КМФ-тің тұрақты клиенті болып келе жатқан ол бизнесіне қаражат керек болып, науқан кезінде микрокредит рәсімдеген. Балалар киімдерін сатумен айналысатын ол автокөлік ұтып алғанына сене алмағанын айтады.

«Дүкен ашу бұрыннан арманым болатын. Бастапқыда

базарда сауда жасадым, кейіннен сауда үйінен жалға орын алып, кәсібімді жүргіздім. Шағын ғана ісімді әрі қарай дамыту үшін қаржы керек болды. Сөйтіп, КМФ қол созды. Бұл компанияға ризамын, алғысым шексіз. Ұтыс ойынында басты сыйлықты ұтып аламын деген ой үш ұйықтасам түсіме кірмейтін шығар. Жалпы, сыйлық ұтып алдым деп алдап, қонырау шалатындар аз емес. Автокөлік ұттыңыз деп хабарласқан кезде де телефонды қойғанша асықтым. Кейін жеке менеджерім хабарласып құттықтағанда, бірақ сендім. Қуанышымды сөзбен жеткізу мүмкін емес! Көлігіміз жоқ еді, жұмысымызға да аса қажет болатын, сондықтан бақыттан айтарға сөзім жоқ. Кәсібімнің дамуына үлес қосып қана қоймай, осындай құнды сыйлықтарды ойнатып, қуаныш сыйлаған КМФ-ке тек жақсылық тілеймін», – деді жеңімпаз.

КМФ сыйлықтары мұнымен

Микроқаржылық қызметті жүзеге асыру құқығын беретін ҚНРДА-ның 26.02.2021 жылғы №02.21.0003.М лицензиясы



Психологиялық қолдау бөлмесі ашылды

Облыстық онкология орталығында «Пациенттерге психологиялық қолдау көрсету бөлмесі» ашылды.

Салтанатты рәсімде облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазылов, «Мансап» мектебінің директоры София Абдуразакова жиылған қауымды орталықтың ашылуымен құттықтап, жылы лебізін білдірді. Одан соң онкология орталығының бас дәрігері Нұржамал Мырзағалиева ерекше бөлмедегі көрсетілетін қызмет түрлерін таныстырып, емде-

лушілерге сыйлықтар үлестірді, дәмнен ауыз тигізді.

Бұл бөлмеде катерлі ісікке шалдыққан пациенттерге психологиялық көмек көрсетумен қатар, түрлі ойындар ойнатылып, сурет салу, бояу беттері бұрышы, арттерапия, музыка терапия сынды демалыс орындары қызмет көрсетеді. Сонымен бірге емделушілерге түрлі табиғи шай ішуге де жағдай жасалатын болады.

Қысқаша айтқанда, науқастардың күйзеліске түспей, ем алуына көп көмегін тигізеді деп күтілуде. Алдағы уақытта орталықтан оналту бөлімін ашу жоспарлануда.

Жалпы өңірімізде онкологиялық ауруларды емдеу, алдын алу, ерте сатысында анықтау сияқты жұмыстар қарқынды жүргізілуде. Атап айтсақ, биылдың өзінде орталықтан 3368 науқас ем алса, оның ішінде тәулік бойғы стационарда 2724, күндізгі стационарда 644 науқас емделіп шыққан.

«СБ» ақпарат



Шиелі ауданының «Бәйгеқұм» ауылдық клубында «Облыстың бас ақыны» атанған Маханбетқали Тұрсановтың туғанына 85 жыл толу құрметіне арналып, «Айтыстың ақиығы, ақберені» атты арнау айтушылардың облыстық байқауы өтті.

Арнау айтушылар ақын атын асқақтатты

Шараны ауыл өнерпаздарынан құралған «Салтанат» бишілер тобы сахналық қойылыммен ашты.

Мұнан соң ауылдық округ әкімі Дәулет Әнжапбаров сөз алып, бас ақынның атын есте қалдыру үшін алдағы кезеңде де мәдени шаралар атқарыла беретінін жеткізіп, сөз дәлдіктеріне сәттілік тіледі.

Ақынның сан қырлы өнерін, шығармашылығын, мол мұрасын насихаттауды мақсат еткен байқауға қатысушылар негізінен жасынан айтысқа шығып, Маханбетқали ақынды ұстаз тұтқан өнерпаздар болды. Олар байқау шарты бойынша шежірелі Шиелі өңірінің тарихы мен Маханбетқали ақынды байланыстыра отырып, өз жанынан шығарған арнау өлеңдерін домбырамен өздері сүйемелдеп айтты.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшелері Н.Елтай, Д.Айшұлы, ҚР Мәдениет са-

сының үздігі К.Жүсіп қазылық жасаған байқау қорытындысында қызылордалық өнерпаз Жұмабай Шернияз бас бәйгені иемденді.

I-орынды шиелілік ақын Талғат Күзембаев олжалады. 2-орын Арал ауданынан келген ақын Қайрат Күлекешевке, 3-орын қармақшылық Тұрар Бекмұрзаевқа бұйырды. Қатысушылардың бәрі де ақшалай сыйлықпен және арнайы дипломмен марапатталды.

Сондай-ақ, М.Тұрсановтың ұл-қыздары өздерінің атынан жеміспаздарға қосымша сыйлықтар тағайындап, иықтарына шапан жапты.

«Маханбетқали ақынмен қатар жүріп, қазына кенінен сыбаға алған едік. Бүгінде бас ақынның ортамыздағы орны ойсырап тұр» деген жазушы-журналист Нұрмахан Елтай да екі қатысушыға өз атынан ақшалай сыйлық берді.

Дауылпаз ақын Бұдабай,

ісі қазақ таныған Иманжүсіп, даусын көкке созған әнші Нарттай сынды саңлақтардың ізін жалғаған Маханбетқали Тұрсанов сонау 1979 жылғы облыстық бірінші ақындар айтысынан бастап, 2006 жылғы «Ақ бата» сайысына дейінгі отыз жылға жуық уақыт бойы облыс көлемінде де, облыстан тыс жерлердің бәрінде де жеңімпаз атанып, бірінші тұғрдан түспеген. Міне, оның дәл осы жетістігі мен сөз сайысындағы Сыр елінің намысын жоғары ұстаған ерлікке тән еңбегі ел есінен ешқашан шықпауы тиіс.

Сондықтан келешекте аудан орталығындағы көшеге не мәдениет үйіне ақынның аты беріліп, ол жөнінде көркем кітаптардың жарық көретіні кәміл.

Бұл шара осы жолдағы алғашқы қадамдардың біріндей болды.

«СБ» ақпарат

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

«Сырдария-1» КС» ЖШС

(БИН: 040 540 001 348)

